ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ («МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

13.08.2025 № 01-01-11/4198

«COPYSERVICE» ЖШС-ның басшысы
И.А. Баранниковаға
Email: irina@copy.kz

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Мемсараптама» РМК филиалдары үшін көпфункционалды құрылғыны мемлекеттік сатып алу» №15111114-1 №73286622-ОК1 лоты) сатып алуға қатысты 2025 жылғы 08 тамыздағы №265637 және 2025 жылғы 11 тамыздағы №265703 шағымдарыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 12-бабының 3-тармағына сәйкес конкурстық құжаттама, аукциондық құжаттама, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпарат сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге арналған ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшеліктің талаптарын (қысқаша сипаттаманы) қамтуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сай келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс.

Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына 13-қосымшаға сәйкес бекітілген техникалық ерекшелікте – «контрафактілік өнімнің жеткізілуін болдырмау мақсатында әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімнің құрамында Қазақстан Республикасының аумағында көпфункционалды

құрылғыны жеткізу құқығына ұсынылатын тауардың өндірушілерінің не олардың ресми өкілдерінің (дилерлерінің немесе дистрибьютерлерінің) авторландыру хаттарының көшірмесін ұсынуға тиіс» деп көрсетілген.

Әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді және қоса берілген құжаттарды зерделеу процесінде конкурсты ұйымдастырушы «Reseller» ЖШС-ның «Copy Service» ЖШС-дан 2025 жылғы 30 шілдедегі, сондай-ақ «IT IntelCorp» ЖШС-ның және «Nox SW» ЖШС-ның «UKZ» ЖШС-дан техникалық ерекшелік талаптарына қайшы келмейтін авторландыру хаттарын ұсынуы фактісі расталды.

Осыған байланысты, 2025 жылғы 08 тамыздағы №265637 және 2025 жылғы 11 тамыздағы №265703 шағымда көрсетілген дәлелдер қанағаттандырусыз қалдырылды.

Сонымен бірге Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алатындығын хабарлаймыз.

Сіздің назарыңызға «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағымдануға болатындығын жеткіземіз.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"

Орынд.: Бейсенбаев Д.К.
23-50-18

Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Идрисова З.М.
Начальник управления
РГП "Госэкспертиза"

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Бейсенбаев Д.К.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"